

«Баланы мектепке жан -жақты дайындау»

(баяндама)

Педагог-психолог: Садыкова Д.Р

Баланы мектепке жан-жақты дайындау.

Бала үшін мектепке бару -өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде баланы тек әріп танып, санай білуге емес, психологиялық, әлеуметтік, эмоциялық және физикалық тұрғыдан жан -жақты дайындау қажет. Дұрыс дайындық баланың мектепке тез бейімделуіне және оқуға деген қызығушылығының артуына көмектеседі.

Баланы жан -жақты дайындауда бірнеше бөліктерге бөліп дайындауға болады.

Психологиялық дайындық

Психологиялық дайындық – баланың мектепке баруға ішкі дайындығы.

- Баланың өзіне сенімді болуы
- Мұғалімді тыңдай білуі
- Нұсқауды орындауы
- Тапсырманы соңына дейін аяқтауы
- Қиындыққа сабырмен қарауы

Ата -ана мен тәрбиеші баланы қорқытпай, мектеп туралы жағымды пікір қалыптастыруы керек.

Интеллектуалдық дайындық

Интеллектуалдық дайындық баланың білім қоры мен ойлау қабілетіне байланысты.

- Әріптерді тануы
- Дыбыстарды дұрыс айтуы
- Сөздік қорының жеткілікті болуы
- 1-10 дейін санауы
- Түстерді, пішіндерді ажыратуы

Бұл жерде бастысы- баланы шамадан тыс жүктемеу, оқу процесін ойын арқылы ұйымдастыру.

Әлеуметтік дайындық

Әлеуметтік дайындық баланың қоғамда өз орнын таба білуіне көмектеседі.

- Құрдастарымен тіл табысуы
- Ортақ ережелерді сақтауы
- Өз ойын еркін жеткізуі
- Кезек күте б
- Бірлесіп жұмыс істеуі

Топтық ойындар мен тапсырмалар бұл дағдыны жақсы қалыптастырады.

Эмоциялық дайындық

Эмоциялық дайындық баланың сезімдерін басқара алуымен байланысты.

- Өз эмоциясын тануы
- Ренішін дұрыс білдіруі
- Қуаныш пен сәтсіздікті қабылдауы
- Өз ісіне жауапкершілік алуы

Баламен жиі сөйлесу, оны тыңдау – эмоциялық дамудың негізгі жолы.

Физикалық дайындық

Физикалық дайындық баланың денсаулығы мен шыдамдылығына байланысты.

- Дене шынықтыру жаттығулары
- Ұсақ және ірі моториканы дамыту
- Дұрыс отыру, қалам ұстау
- Күн тәртібін сақтау

Дені сау бала оқу процесіне белсенді қатысады.

Ата -ана мен тәрбиешінің рөлі

- Баланы мақтау
- Салыстыру
- Қолдау көрсету
- Күн тәртібін бірге құру
- Үнемі байланыста болу

Бала өзін түсінетін, қолдайтын ортада ғана еркін дамиды.

Қорытынды:

Баланы мектепке жан- жақты дайындау – ата -ана, тәрбиеші және баланың бірлескен еңбегі. Жан -жақты дайындалған бала мектеп өміріне тез бейімделіп, оқу процесіне қызығушылықпен қатысады.

Әр бала – жеке тұлға. Оның мүмкіндігін ескеріп, қолдау көрсету – басты міндет.